



**GALAXY
INTERNATIONAL
SCHOOL**

Galaxy Халықаралық Мектебі
4-ші ықшамауданы, 74, 050062
Алматы қаласы, Қазақстан
+7 727 243 77 80
www.galaxy.edu.kz

Galaxy International School
Microdistrict 4, 74, 050062
Almaty City, Kazakhstan
+7 727 243 77 80
www.galaxy.edu.kz

Бекітілді:
«Galaxy» Халықаралық мектебі
мекемесінің директоры
Эрметов Б.
«_____» _____ **2025 ж.**

«Galaxy» халықаралық мектебінің
Lower Secondary / IGCSE /A-Level
сыныптарында оқуға грант иегері Байқауы туралы

ЕРЕЖЕ

(жалпы білім беру мекемелерінің оқушыларына арналған)

Алматы, 2025

1. Жалпы ережелер

Осы ереже «Galaxy» халықаралық мектебінің Lower Secondary / IGCSE / A-Level сыныптарында оқуға толық және жартылай (ішінара) гранттарын беру Байқауын өткізу тәртібін анықтайды.

Байқаудың миссиясы- жалпы білім беру ұйымдары оқушыларының оқу-танымдық іс-әрекеттеріне ынталандыру.

Байқаудың мақсаты - ең талантты және дарынды оқушыларды анықтау және қолдау көрсету

Байқаудың міндеттері - жалпы білім беру ұйымдарының оқушыларын «Galaxy» халықаралық мектебінде оқуға тарту
- қатысушыларды **Cambridge** халықаралық білім беру жүйесімен таныстыру

2. Қатысу ережелері

- Байқауға Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінің 6-шы, 8-шы және 10-шы сынып оқушылары қатысады
- Байқауға қатысу үшін өтінімді 2025 жылдың 13 сәуірге дейін тапсыру қажет
- Байқауға қатысу үшін өтінімді тіркеу төмендегі сілтеме бойынша жүргізіледі: <https://forms.gle/Zz8gsfYdKMbaNJ6u8>
- Байқаудың форматы- офлайн қатысу
- Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар:
6-шы, 8-ші және 10-шы сыныптар үшін: ағылшын тілінің жоғары деңгейі.
- Шығындар: жол, ас және қонақ үй шығындары қатысушының тарапынан төленеді
- Байқаудың жұмыс тілі – ағылшын тілі.
- Емтихан жарнасы - 5000 теңге

2.1 Қайтару саясаты

2.1.2 Қайтару құқығы:

- Қаражатты қайтару тек емтихан төлемін төлеген үміткерлерге ғана қарастырылады.
- Қайтару туралы өтінішті төлем жасалған күннен бастап 14 күн ішінде жазбаша түрде беру қажет.

2.2.3 Қайтарылмайтын жағдайлар:

- Егер үміткер өз еркімен емтиханнан бас тартса немесе белгіленген күні келмесе, емтихан ақысы қайтарылмайды.
- Уақытынан кеш немесе толық емес өтінімдер үшін қайтарым жасалмайды.

2.3. Қайтару рәсімі:

Қайтару сұрау үшін үміткерлер келесі мәліметтерді grant@galaxy.edu.kz электрондық поштасына жіберуі қажет:

- Толық аты-жөні
- Байланыс деректері
- Төлемді растайтын құжат
- Банк шотының IBAN нөмірі
- Қайтару сұрауының себебі

Өтініш қаралып, 14 жұмыс күні ішінде жауап беріледі.

2.4. Қайтарылатын сома:

- Егер қайтару мақұлданса, бастапқы емтихан төлемінің сомасы қайтарылады.
- Қайтару сомасынан өңдеу немесе әкімшілік шығындар ұсталып қалуы мүмкін.

2.5. Ерекше жағдайлар:

- Медициналық шұғыл жағдайлар сияқты ерекше себептерге байланысты қайтару сұраулары жеке қаралады. Қосымша құжаттар талап етілуі мүмкін.

Байланыс ақпараты:

Қайтару мәселелері бойынша сұрауларды немесе өтініштерді grants@galaxy.edu.kz поштасына жіберіңіз.

Саясаттың жаңартылуы:

Осы қайтару саясаты өзгертілуі мүмкін. Барлық жаңартулар ресми веб-сайтта жарияланады.

3. «Galaxy» халықаралық мектебінде оқуға берілетін гранттың шарттары

3.1 «Galaxy» халықаралық мектебінде оқуға толық немесе жартылай (ішінара) грант келесі кезеңге беріледі:

- 6-шы сыныптар үшін: 2025-2026 оқу жылының 1-тоқсанының басынан 8-сыныптың аяғына дейін.
- 8-сынып үшін: 2025-2026 оқу жылының 1-тоқсанының басынан 10-сыныптың аяғына дейін.
- 10-сынып үшін: 2025-2026 оқу жылының 1-тоқсанының басынан 12-сыныптың аяғына дейін.
- 6-сынып оқушылары 2025-2026 оқу жылының 1-тоқсаннан бастап оқуын жалғастырады және **Cambridge Secondary Checkpoint** емтиханына арналған бағдарламаны оқып-үйренуге мүмкіндік алады.
- 8-сынып оқушылары 2025-2026 оқу жылының 1-тоқсаннан бастап оқуын жалғастырады және **IGCSE** емтиханына арналған бағдарламаны оқып-үйренуге мүмкіндік алады.
- 10-сынып оқушылары 2025-2026 оқу жылының 1-тоқсаннан бастап оқуларын жалғастырады және **A-Level** емтиханына арналған бағдарламаны оқып-үйренуге мүмкіндік алады.

Galaxy International School мектебінде оқытылатын Cambridge халықаралық оқу бағдарламасы

Cambridge Lower Secondary:

- **Жас тобы:** Әдетте 11-14 жастағы оқушыларға арналған.
- **Сыныптар:** Қазақстандық мектеп жүйесінде 6-8 сыныптарға сәйкес келеді.
- **Оқу бағдарламасы:** Бұл кезең бастауыш білім негізінде құрылып, әртүрлі пәндер бойынша негізгі дағдылар мен білімді дамытуға бағытталған. Икемді оқу бағдарламасы кең көлемді білім алуға мүмкіндік береді.
- **Пәндер:** Негізгі пәндерге ағылшын тілі, математика және жаратылыстану ғылымдары кіреді, сонымен қатар қосымша пәндер ретінде гуманитарлық ғылымдар, шет тілдері және STEM ұсынылады.
- **Бағалау:** Бағалау кезең-кезеңімен жүргізіледі, оқушылардың ағылшын тілі, математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша білімдерін және оларды қолдану қабілеттерін жазбаша және практикалық бағалау арқылы анықтайды.

Cambridge Upper Secondary:

- **Жас тобы:** 14-16 жас аралығындағы оқушыларға арналған.
- **Сыныптар:** Қазақстандық мектеп жүйесінде 9-10 сыныптарға сәйкес келеді.
- **Оқу бағдарламасы:** Бұл деңгей Lower Secondary негізінде құрылып, пәндерді тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Оқушылар өздерінің қызығушылықтарына қарай белгілі бір бағыттар бойынша мамандана бастайды.

- **Пәндер:** Негізгі пәндер сақталады, сонымен қатар оқушылар өз білімдерін бейімдеу үшін таңдаулы пәндерді қосымша таңдай алады. Бұл кезеңде Cambridge International General Certificate of Secondary Education (IGCSE) емтихандарына дайындық жүргізіледі.
- **Бағалау:** Бағалау жазбаша емтихандарды, практикалық жұмыстарды және курстық жұмысты қамтиды. Бұл кезеңнің соңында өткізілетін IGCSE емтихандары халықаралық деңгейде мойындалған. Galaxy International School мектебінде математика мен ағылшын тілі міндетті пәндер болып табылады, ал оқушыларға қосымша үш таңдау пәнін алу ұсынылады.

Cambridge Advanced Level (A-level):

- **Жас тобы:** Әдетте 16-19 жас аралығындағы оқушыларға арналған.
- **Сыныптар:** Қазақстандық мектеп жүйесінде 11-12 сыныптарға сәйкес келеді.
- **Оқу бағдарламасы:** A-level бағдарламасы IGCSE деңгейіне негізделіп, таңдалған пәндер бойынша тереңдетілген білім алуға мүмкіндік береді. Бұл кезең университетке түсуге дайындық кезеңі болып табылады.
- **Пәндер:** Оқушылар өздерінің болашақ мамандығы немесе қызығушылықтары негізінде белгілі бір пәндерді терең оқиды. Бұл оқу бағдарламасы жоғары деңгейде ойлау қабілетін дамытуға бағытталған.
- **Бағалау:** Бағалау негізінен оқу курсының соңында жазбаша емтихандар арқылы жүзеге асырылады. Жаратылыстану ғылымдары бойынша зертханалық жұмыстар да бағалауға кіреді. A-level дипломы әлемдегі көптеген жоғары оқу орындарына түсу үшін беделді әрі маңызды құжат болып табылады.

3.2.1 Оқушылар міндетті:

- Мектеп басшылығы белгілеген ішкі тәртіпті сақтау.
- Барлық пәндер бойынша 2 тоқсандық баға бойынша орташа балл 80% және одан жоғары болуы тиіс.
- Оқушының сыныбына сәйкес **Secondary Checkpoint, IGCSE, A-level - AS & A2** міндетті емтихандарына тіркелу

3.2.2 Емтихандар жайлы ақпарат

- **Secondary Checkpoint** емтихандарын бағдарламасын жалғастыратын 6-сынып оқушылары ағылшын, математика және жаратылыстану пәндерін тапсыруы керек.
- **IGCSE** емтихандарын бағдарламасын жалғастыратын 8-сынып оқушылары тандамалы кемінде 5 пәннен емтихан тапсыруы керек.
- **A-level** бағдарламасын жалғастыратын оқушылар AS және A-level емтихандары үшін кемінде үш пән таңдауы қажет. Сондай-ақ, олар

AS-level емтиханында осы пәндердің кемінде **екеуінен В** бағасынан төмен емес нәтижеге қол жеткізуі тиіс.

3.3 Жоғарыда айтылған талаптар орындамалмаған жағдайда мектеп басшылығы грантты жою құқығын өзіне қалдырады.

4. Байқауды өткізу тәртібі

Байқау екі кезең бойынша өткізіледі:

- **1-кезең** – пән бойынша жазбаша емтихан
 - **6-ы сынып** оқушылары үшін: Ағылшын тілі, Математика, Жаратылыстану (Science)
 - **8-ы сынып** оқушылары үшін: Ағылшын тілі, Математика, Жаратылыстану (Science)
 - **10-ы сынып** оқушылары үшін: Ағылшын тілі, Математика; қосымша таңдамалы пән: Физика, Химия, Биология, География, Тарих, Информатика

Бірінші кезең нәтижелері бойынша ең жоғары балл жинаған оқушылар байқаудың екінші кезеңіне өтеді.

- **2-ші кезең** – ауызша емтихан: Ағылшын тілінде сұхбат
 - Екінші турға қатысу үшін келесі құжаттарды тапсыру қажет:
 - 1) Мектептен анықтама
 - 2) Табель (бағалар тізімі):
 - 6 сыныпқа: 5-тен 6-ға дейін
 - 8-сыныптар үшін: 7-ден 8-ге дейін
 - 10 сыныптарға: 9-дан 10-ға дейін
 - 3) шет тілдерді игеру деңгейін (болған жағдайда), жарыстар мен олимпиадаларға қатысқандығын растайтын мақтау қағаздары, сертификаттар және дипломдар.
- Екінші кезең нәтижелері бойынша байқау жеңімпаздары анықталады.
- Бұл байқауда апелляция мүмкіндігі қарастырылмаған

Құжаттарыңызды келесі ретпен атаңыз:

Тегі_Аты_ҚұжатАтауы_Жыл_Ұйым(немесе байқау атауы)

Мысалдар:

Iman_Ali_Transcript9thgrade_2022-2023_GalaxyInternationalSchool

Қабылдау факторлары және олардың шешім қабылдауға әсері

	Өте маңызды	Маңызды	Ескеріледі	Ескерілмейді
1-кезең	x			
Бағалары		x		
Сабақтан тыс іс-шаралар бойынша сертификаттар мен дипломдар		x		
Жазбаша эссе (1-ші кезең, ағылшын тілі)	x			
Сұхбат (2-ші кезең)		x		
Волантерлік бойынша сертификаттар мен дипломдар			x	

5. Байқаудың өтетін орны мен уақыты

Байқау төменгі мекен-жай бойынша өтеді:

«Galaxy» халықаралық мектебі, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 4-ші ықшам ауданы, 9- шы үй (бұрынғы 74-ші үй)

Байқаудың өтетін уақыты:

- 1-ші кезең - 19 сәуір 2025 жыл,
- 2-ші кезең - 17 мамыр 2025 жыл

6. Қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

Байқау нәтижелерін қорытындылау және марапаттау Байқаудың ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

Жеңімпаздарға келесідей көлемде толық және ішінара гранттар тағайындалады:

6-шы сыныптарға:

50% жеңілдік – 4 орын;

40% жеңілдік – 2 орын;

30% жеңілдік – 2 орын;

8-ші сыныптарға: толық - 100 % және 90%, 80%, 70%, 60%, 50%, 40%, 30% ішінара гранттар – 1 орыннан.

10-шы сыныптарға: толық - 100 % және 90%, 80%, 70%, 60%, 50%, 40%, 30% ішінара гранттар – 1 орыннан.

Мектеп басшылығы қосымша грантты және қосымша ішінара гранттарды беруге құқылы.

7. Ұйымдастыру комитеті

Ұйымдастырушылар:

Байқауға жауапты тұлға: Биназар Жасұлан Еркебұланұлы

Байқау үйлестірушілері: Абдуалиева Гулим Нуртлеуовна
Еркегуль Орал
Курманали Айдана

Байқауды ұйымдастыру және өткізу туралы қосымша ақпарат:

+7 (727) 243 77 80

+7 (702) 203 00 20

Эл. пошта: grant@galaxy.edu.kz

8. Қорытынды ережелер

Бұл Ережені «Galaxy» халықаралық мектебі мекемесі директоры бекітеді.
Бұл Ереженің әрекет ету мерзімі – байқауды өткізу кезеңі болып табылады.